

2012 жылға арналған "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXX сессиясының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 492 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2011 жылғы 30 желтоқсанда N 912 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 85 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012.12.12 № 85 шешімімен (01.01.2013 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексі 510 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10 бабына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. 2012 жылға арналған "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкалары қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXIV сессиясының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 380 "2011 жылға арналған "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркі Мемлекеттік мекемесінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдаланудың төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 870 болып тіркелген, "Алматы ақшамы" газетінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 2 және "Вечерний Алматы" газетінің 2011 жылғы 11 қаңтардағы № 3 сандарында жарияланған) кү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Алматы қаласы мәслихаты (Т.Т. Мұқашев) нормативтік-құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты депутаттық комиссиясының төрағасы А. Шелипановқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасарына Е. Шормановқа ж ү к т е л с і н .

5. Осы шешім 2012 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

І V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы

XXXXX сессиясының төрағасы Д. Петрухин

І V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы Т. Мұқашев

І V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы
X X X X X с е с с и я с ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 7 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 492 шешіміне қосымша

**2012 жылға арналған
"Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің
ерекше қорғалатын табиғи аумағын (ЕҚТА)
пайдалану үшін төлемақы ставкалары**

Ескерту. 1 қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 2012.02.29 № 8 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№ р/с	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Төлем ставкасы
	Туристік және рекреациялық мақсаттарда:		
1.	Жеңіл автокөлік	теңге/автомашина	0
2.	Жүк автокөлігі және автобустар	теңге/автомашина	0
3.	Автобус бағыттарынан түсімдер	теңге/жыл	0
4.	ЕҚТП аумағында жұмыс істейтін көлік иелерінің автокөлігі	теңге/жыл	0

І V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы

XXXXX сессиясының төрағасы Д. Петрухин

І V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы Т. Мұқашев